

Сабактың тақырыбы:

Абай Құнанбаев “Шоқпардай
кекілі бар, қамыс құлақ” өлеңі





Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.

С.Торайғыров



Үй тапсырмасы

Жақсы мен жаман адамның қасиеттері

Жақсы жігіт ел - қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың
.....ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.

Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыранның қырданбаласындай.
Жаман парқы жақсымен,
Жақсы жігіт елінің ағасындай.

Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
....., өріктің ағашындай.
Жаманның, көзі - соқыр,
Жүрер жолдан тал түсте адасып - ай.

Жақсы адам қай жерден,
Жақсымын деп бәрі жүр таласып - ай.
Жамандар -, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына - ай.

Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалғаншаласындай.
Соқтығып бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған

12 дұрыс жауапқа - “5”

10-11 - “4”

4-9 - “3”

0-3 - “2”

Ұпай саны:

Баға:

Үй тапсырмасы

Жақсы мен жаман адамның қасиеттері

Жақсы жігіт ел - жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.

Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыранның қырдан байқар баласындай.
Жаман парқы жақсымен бірдей емес,
Жақсы жігіт елінің ағасындай.

Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма, өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі - көр, көзі - соқыр,
Жүрер жолдан тал түсте адасып - ай.

Жақсы адам қай жерден ажырайды,
Жақсымын деп бәрі жүр таласып - ай.
Жамандар - өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына - ай.

Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
Соқтығып әркімге бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған танасындай.

12 дұрыс жауапқа - “5”

10-11 - “4”

4-9 - “3”

0-3 - “2”

Ұпай саны:

Баға:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс

кұлақ



Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда
жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тіст
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-а.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі сығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп
жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап
көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан,
жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

Шоқпар



Сағақ – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.

Жерсоғар – ат тұяғының арт жағындағы қатты жері, өкшелігі.

Шідерлік – аттың сирағының шідер салатын жері.

Шідер – аттың сирағының екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салатын тұсау



“Жигсо” ұжымдық оқыту

№1.

Жылқы – тақтұяқтылар отрядының бір тұқымдасы. Қазба қалдықтары жылқының б.з.б. 7000 ж. Бұрын Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Жылқы тұқымдасы есек, құлан, зебр, жабайы жылқы болып 4 туысқа бөлінеді. Үй жылқысы жабайы жылқыға жатады, Түріне, күтімі және өсу айналасына байланысты қазіргі үй жылқысы орташада 25-30 жыл жасайды. Кей кезде, кейбір жануарлар жасы 40-тан асады. Жазу деректеріне сай 19 ғ. Билли деген ат 62 жыл өмір сүрген. Қазіргі заманда, Шуга Пафф деген пони 2007 ж. 56 жаста өліп Гиннесс рекордтар кітабына енген.

№2.

Түсі

Жылқы түсі қылаң, баран, ала боп бөлінеді.

Қылаңға ақбоз, боз, бурыл, теңбіл, құбақан, сары, құла, құла жирен жылқылар;

Баранға торы, қара, қаракөк, қарасұр, қоңыр жылқылар жатады; Алаға сарыала, сұрала, көкала, керала, қарала жылқылар жатады.

Түрлері

Дүние жүзінде жылқының 250-дей түрі бар. Қазақстанда жылқының 16 түрі өсіріледі

Жылқыны қазанат және жабы деп 2 топқа бөледі. Қазанатқа бәйге аттары, жаугершілікке мінетін аттар жатады. Ал жабы - еті, сүті мол нағыз шаруа малы.

№3.

Абай өлең жазуды 10 жасында «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») деген өлеңінен бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері — «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 — 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі — өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі — ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі — өзге тілдерден, әсіресе орысшадан аударған өлеңдері.

№4.

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ...» - Абайдың 1886 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 8 шумақтан тұрады. Аттың сыны - жаратылыстың жанды бір бейнесі болған бәйге атқа арналған өлең. Өлеңдік ерекшеліктің бірі - бұнда және де шындықтан тыс, қиялды теңеулер жоқ. Қонымсыз романтика, тұманды теңеулер сияқты сырт жатқан, жалған жамаулар жоқ. Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл үлгіні көрсететін, реалистік шеберлікпен толық шыққан көркем шығарма. Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Алғаш рет Қазан қаласында басылған «Князь бен Зағифа» атты жинақта (1897) жарияланды. Басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. Туынды қарақалпақ тіліне аударылған.

Құнанбай шежіресі



Абай ұрпақтары



Ділдә



Әйгерім
(Шүкіман)



Еркежан

Ақылбай
1861-1904

Әкімбай
1866-1974

Мағауия
1870-1904

Гүлбадан
1863-1932

Әбдірахман
1869-1995

Райхан
1871-1896

Тұрағұл
1876-1934


Мекайл
1884-1931

Ізкайл
1895-1929

Кенже
1901-1931



Абай және оның балалары Ақылбай (сол жақта)
мен Тұрағұл



Әбдірахман Абайұлы Өскенбаев



Тұрағұл Абайұлы




Мекайл Абайұлы



Құзайыр Мекайылұлы
Абайдың немересі (1912–1945)



Қалышер Мекайылұлы
Абайдың немересі (1921–1945)





Тоқташ Ізқайлұлы
Абайдың немересі (1924–1943)



Бағфұр Өлімқұлұлы Ақылбаев
Абайдың шөбересі (1913–1981)



Ғазел Жағыпарқызы Абайдың шөбересі
(1927–2011) және Айдар Бағыфүрұлы
Абайдың шөпшегі (1949)



Данияр Айдарұлы
Абайдың неменесі (1971)

Фотосуреттер Семей қаласы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражайынан алынған.

Батырлар жырындағы, ертегілердегі батырлар мінген аты

- Алпамыс – Шұбар ат
Қобыланды - Тайбурыл
Ер Төстік - Шалқұйрық
Күлтегін - Қарагер
Кендебай - Керкұла

«Дебат» әдісі

**«Жылқының орнын темір тұлпар автомобиль
баса алады»**

Келісемін



Келіспеймін

Өлеңнің идеясы:

ер қанаты жақсы атты суреттеу, тану.

● Қорытынды:Қазақ жақсы көрген баласын «Құлыным» дейді.Бата бергенде «Атың арымасын, тоның тозбасын» дейді.Адам есімдерін Жылқыбай, Торытай, Қаратай, Ақтай,Тайшық,Құнанбай, Дөнентай т.б жылқымен байланыстырып қойған.

- Бір сыр бар ежелден –ақ далам білген,
Қазаққа ат мінбесе алаң кірген.
Алтыннан мен ескерткіш қояр едім,
Даланың тұлпарына бабам мінген.



Үй тапсырмасы

1. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңін жаттау.

2.54 беттегі «Ойлан, тап» айдарындағы 3-тапсырма.

Берілген өлең мәтініне сүйеніп, төмендегі сөздердің сәйкестігін табыңдар.

Шығармашылық тапсырма:

«Мен таныған Абай»

тақырыбында презентация жасау.